**Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 3 ақпандағы N 30-ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 17 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2173. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 12 маусымдағы N 149-НҚ бұйрығымен

*Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 12 маусымдағы N 149-НҚ* бұйрығымен *.*

---

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 11-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне ( тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Энергетика секторын реттеу жөніндегі департаменті (С.П.Григорьева) осы бұйрықты заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті ( А.Т.Шабдарбаев) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен

аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Б.Ә.Сағынтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының
табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігінің
2003 жылғы 3 ақпандағы
N 30-ОД бұйрығымен бекітілген
"Табиғи монополия субъектілерінің
қызметтеріне (тауарларға,
жұмыстарға) орта мерзімді
кезеңге арналған тарифтерді
(бағаларды, алым ставкаларын)
бекіту және енгізу жөніндегі
Нұсқаулықты бекіту туралы"

**Табиғи монополия субъектілерінің қызметіне (тауарларға, жұмыстарына) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулық**

*Ескерту: Барлық мәтін бойынша "инвестициялық жобаларды", "инвестициялық жобаны", "инвестициялық жоба", "инвестициялық жобаға" деген сөздер тиісті "инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды)", "инвестициялық бағдарламаны (жобаны)", "инвестициялық бағдарлама (жоба), "инвестициялық бағдарламаға (жобаға)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ* бұйрығымен *.*

**1. Жалпы ереже**

1. Табиғи монополия субъектілерінің қызметіне (тауарларға, жұмыстарына) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының " Табиғи монополиялар туралы ", " Электр энергетикасы туралы ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылдың 15 қазанында N 1126 қаулысымен бекітілген табиғи монополия субъектілерінің 2002-2004 жылдарға арналған тарифтік саясатын жетілдіру бағдарламасына және басқа құқықтық актілерге байланысты әзірленді.

2. Бұл Нұсқаулық табиғи монополия саласы бойынша тарифтерді кемсітпеушілік әдістемесі бойынша тарифтерді белгілеуді және белгіленген тәртіппен бекітілген кезеңге арналған табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) іске асыруды қарастырады.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ* бұйрығымен *.*

3. Бұл Нұсқаулық мынадай жағдайларда:

1) егер өтініш жасаған табиғи монополия субъекті осы Нұсқаулықта көрсетілген орта мерзімді кезеңге тариф белгілеу талаптарына сай келсе;

2) бөлшектеп тұтынушылар үшін тариф белгілеу үшін өтініш берген және " Электр энергетикасы туралы " Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мәндерде энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші мекеме болып табылатын табиғи монополия субъектілері үшін, сондай-ақ осы Нұсқаулықта табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) белгілеу үшін көзделген тиісті талаптарға қолданылады.

4. Бұл Нұсқаулықта мынадай ұғымдар қолданылады:

1) базалық тарифтік смета - "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен шығындарды қалыптастырудың Ерекше тәртібінің (бұдан әрі - Ерекше тәртіп) талаптарына сәйкес Субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын ) іске асырғаннан бастап бір жылға белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтік смета;

2) құзыретті орган - салалық министрліктер және (немесе) ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар - егер табиғи монополия субъектісі коммуналдық меншікте болса, ал табиғи монополия субъектілері үшін су шаруашылығының және (немесе) канализациялық жүйелердің қызметтерін көрсетушілер - жергілікті атқарушы органдар;

3) тарифтік бақылау кезеңі - көрсетілген кезеңге белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру жөніндегі Субъектінің міндеттемелерін ескере отырып белгіленген тарифті ( бағаларды, алым ставкаларын) есептеу үшін қабылданған орта мерзімді кезең;

4) болжанатын тарифтік смета - орта мерзімді кезеңнің әр жылына уәкілетті орган қабылдап бекіткен тарифтік смета;

5) орта мерзімді кезең - келісілген және белгіленген тәртіп бойынша тариф ( баға, алым ставкасы) бекітілген, субъекті бес жылға дейін инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыратын уақыт аралығы;

6) табиғи монополия субъектісі - тауарларды, жұмыстарды өндірумен және (

немесе) табиғи монополия жағдайларында тұтынушыларға қызметтер көрсетумен айналысатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

7) тариф (баға, алым ставкасы) - орта мерзімді кезеңге арналған тариф (баға, алым ставкасы), субъектінің орта мерзім шеңбері кезінде өзінің қызметін көрсететін тарифтің шектеулі деңгейі;

8) тариф кірісі - уәкілетті орган бекіткен тариф бойынша субъектінің көрсеткен қызметінен (тауарлардан, жұмыс) түсетін кіріс;

9) техникалық сараптама - Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамалары бекіткен талаптарға сәйкес, конкурстық (тендерлік) негізде анықталған, тәуелсіз сарапшылар өткізетін күрделі жөндеудің, инвестициялардың қажеттілігін, негізгі қордың техникалық жағдайын тексеру (бағалау);

10) қаржылық сараптама - Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамалары бекіткен талаптарға сәйкес конкурстық (тендерлік) негізде анықталған тәуелсіз сарапшылар өткізетін, Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес шығындардың нақты құрамын тексеру (бағалау);

11) уәкілетті орган - табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асырушы мемлекеттік орган.

*Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ* бұйрығымен .

## 2. Тарифтерді (бағалар, алым ставкалары) белгілеуге үміткер субъектілер үшін қойылатын талаптар

5. Субъектіге тариф (бағалар, алым төлемі) белгілегенге дейін алдын ала міндетті түрде мыналар:

техникалық және қаржылық сараптама;

конкурстық (тендерлік) негізде таңдалған тәуелсіз бағалаушы мекемелер өткізетін Субъектінің негізгі құралдарын қайта бағалау өткізіледі.

6. Тарифті (бағалар, алым ставкалары) белгілеуге үміткер субъект келесі талаптарға сай болуы керек:

1) Субъекті мүліктік жалдаудан, лизинг бойынша алған негізгі қорлар Субъектінің меншігінде болуы мүмкін;

2) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша негізі және негізгі емес қызмет түрлерінен пайда алуға тиіс, егер уәкілетті органмен келісілім жөніндегі жағдайларды қоспағанда, Субъект үшін бұл талап қолданылмайды;

3) көрсетілетін қызметтер үшін ағымдағы бақыланатын дебиторлық төлем қарызының деңгейі 90%-дан кем болмауы керек;

4) тарифтерді (бағалар, алым ставкалары) енгізген кезде Субъектінің мүлкіне кепілділік қамтамасыз етілмеген, уәкілетті органмен келісілмеген қарыздардың

болмауы;

5) өткізілген қаржылық және техникалық сараптаманың қорытындысының болуы;

6) уәкілетті органмен келісілген, негізгі қордың топтар бойынша қайта бағалануының нәтижесінің болуы;

7) инвестициялық бағдарламаның (жобаның) болуы;

8) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдары бойынша рұқсат етілген, Субъектінің басқа қызметтер атқарған кезде негізгі және негізгі емес қызметтерінің шығындарының бөлек бухгалтерлік есебінің болуы;

9) қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тариф (бағалар, алым ставкалары) енгізілген кезде уақытша өтелім тарифінің (бағаның, алым ставкаларының) қолданысының болмауы;

10) өткен екі жылда қызмет көрсету (тауарлар, жұмыстар) көлемі бойынша нақтылай тұрақтылықтың болуы және Субъектінің орта мерзімді кезеңінде көрсететін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі бойынша болжам тұрақтылығы.

*Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ* бұйрығымен *.*

7. Осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген талаптарға сай болған жағдайда, Субъект уәкілетті органға тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) жобасын бекітуге осы талаптарға сәйкес құжаттық растаумен өтінім ұсынылады.

## 3. Тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) жобасын бекітуге арналған өтінімдерді ұсыну

8. Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасын бекіту туралы өтінім уәкілетті органға оны қолданысқа енгізерден 60 күннен кешіктірмей ұсынылады.

9. Уәкілетті орган өтінім түскен күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде Субъектінің осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген Субъектінің талаптарына сәйкес негізділігін, ұсынылған негіздеуші материалдардың толықтығын тексереді. Субъекті өтінімді алған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тартылғаны туралы бас тартудың себептерін көрсете отырып жазбаша түрде хабардар етеді.

Өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартудың негізі болып мыналар табылады:

1) Субъектінің өтінімді ұсыну мерзімін бұзуы;

2) Осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген талаптарға Субъектінің сәйкес келмеуі;

3) Осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес субъектінің құжаттарды ұсынбауы.

10. Тарифті (баға, алым ставкасы) белгілеу туралы өтінімге қоса беріледі:

1) тарифтерді бекітудің қажеттілігі туралы түсініктеме жазба, оған қосымша тәуелсіз сарапшылар өткізген қаржылай және техникалық сараптаудың нәтижесі;

2) инвестициялық бағдарлама (жоба);

3) салалық ерекшеліктері ескерілген прейскурант түріндегі тарифтің (бағалар, алым ставкасы) жобасы;

4) ұйымның алдыңғы күнтізбелік екі жыл бойынша тоқсанға бөлінген бухгалтерлік балансы, және өтінім беруден алдыңғы төрт тоқсаны;

5) алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың тоқсан бойынша бөлінген қаржылай-шаруашылық қызметі туралы есебі, өтінім берудің алдындағы төрт тоқсаны;

6) алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың тоқсан бойынша бөлінген ақшаның қаржылай қызметі туралы есебі, өтінім берудің алдындағы төрт тоқсаны;

7) алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың 50 адамнан астам жұмыс істейтін адамның тізімдік санымен заңды тұлғаларға арналған инвестициялар туралы мәліметтер;

8) алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың тоқсан бойынша бөлінген еңбек (N 1-тв жылдық нысаны) туралы есебі, өтінім берудің алдындағы төрт тоқсаны (N 1-тв жылдық нысаны);

9) алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың (2-Т проф) жекелеген лауазымдар мен кәсіптер жөніндегі қызметкерлердің жалақыларының мөлшері туралы есеп;

10) субъектінің алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың тоқсан бойынша бөлінген негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіші, өтінім берудің алдыңғы төрт тоқсаны;

11) алдыңғы өткен күнтізбелік екі жылдың негізгі қорлар мен олардың қызметі туралы тоқсан бойынша бөлінген есебі, өтінім беруден алдыңғы төрт тоқсаны;

12) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес тарифтің негіздік сметасы;

13) дебиторлық және кредиторлық қарыздарды ашып жазу;

14) өзге де және басқа да шығыстарды ашып жазу;

15) заңда белгіленген тәртіппен орта мерзімді кезеңге бекітілген;

шикізаттар мен материалдардың шығыстарының нормалары;

персонал санының нормативі;

ысырап нормативі;

негізгі қордың құнының өсуін болдырмайтын Субъектінің ағымдағы, күрделі және де қалпына келтіру жөндеу жұмыстарына жұмсалған смета шығыны;

16) уәкілетті органмен орта мерзімді кезеңге келісілген есеп саясаты;
17) материалдық, қаржылық ресурстарды, жабдықтар мен қызметтерді сатып алу жөнінде конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері;
18) топтар бойынша негізгі қорды қайта есептеудің нәтижесі;
19) реттелетін негіздегі қолданымдағы активтердің пайда мөлшерінің есебі;
20) реттелетін негіздегі қолданымдағы активтердің орта мерзімді кезеңінің әр жылға бөлінген кезде рұқсат етілген пайда деңгейі;
21) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асырғанға дейінгі негізгі қорға өтелімнің аударым жарнасын есептеу туралы ақпарат, әр жылға бөліп инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орта мерзімді кезеңде іске қосқанда енгізіледі;
22) осы жұмыстарды орындау қажеттілігі туралы құзыретті органның қосымша құжаттарымен расталған әр жылға бөлінген орта мерзімді кезеңдегі негізгі қорлардың құнын арттыратын өтелім жарнасының күрделі жөндеу жұмыстарын орындау кестесі және шығын сметасы;
23) Ерекше тәртіпке сәйкес тарифтерді қалыптастырған кезде есептелмейтін, орта мерзімді кезеңдегі нақты және болжам түріндегі шығындар жайлы мәліметтер;
24) Қазақстан Республикасының индикативті әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында қаралған, орта мерзімді кезеңде нақты және болашақта көрсетілетін қызметті құзыретті органның құжаттамалық растауы;
25) маркетингтік ізденулер бойынша расталған негізгі қордың және басқа мүліктердің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға жұмсалатын шығынның құны туралы ақпарат;
26) конкурстық (тендерлік) негізде немесе уәкілетті органмен келісіп бір көзден алынатын, қаржыландыру және қарызға алынған ресурстардың орнын толтыру шарты - қарыз ресурстарды алған кезде экономикалық тиімді болуы, соның ішінде бағалы қағаздардың эмиссиясы есебінен кредиттер (кредиттер үшін пайыз, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, өтеу мерзімі және басқа) тарту;
27) резервтік есеп-шотты толтырудың жоспар-кестесі;
28) Субъектінің көрсететін қызметіне сұраныстың өсуі, инвестициялық бағдарламаны іске асыруда оған бағаның әсері;
29) мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі органның еңбек ақы қорын және басшылардың, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлердің лауазымдық жалақыларын, сондай-ақ оларға сыйлықтар беру мен өзге де сыйақылар (мемлекеттік кәсіпорындар не мемлекет қатысуының үлестерін иеленуші кәсіпорындар үшін) белгілеу туралы шешімі;
30) автокөліктің (I-ТР шос) болуы және жұмысы туралы есеп;

31) Субъектінің осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін басқа құжаттар.

Сонымен бірге Субъектінің уәкілетті органға ұсынатын жалпы тәртіптегі тарифтерді өзгерту немесе бекіту туралы құжаттары, Қазақстан Республикасының табиғи монополия туралы заңдарында бекітілген рәсімделетін талаптарға сәйкес болуы керек.

*Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ* бұйрығымен *.*

## 4. Өтінімді және тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) енгізуді қарау

11. Уәкілетті орган:

құжат түскеннен кейін, субъект 45 күн мерзімі ішінде талдау негізінде, негізделінетін құжаттармен қоса тариф жобасын сараптаудан өткізеді;

тариф жобасының экономикалық сараптамасын өткізгеннен кейін жаңа тариф деңгейі жобасының жария тыңдалымын өткізуді ұйымдастырады.

Уәкілетті орган тарифтің (бағаның, алым ставкасының) жобасына экономикалық сараптама жүргізу кезінде Субъектіден және құзыретті органнан, мүдделі министрліктер мен ведомстволардан, ұйымдардан қосымша ақпараттар сұратуға құқылы.

12. Уәкілетті орган тариф (баға, алым ставкасы) жобасын сараптамадан өткізгеннен кейін тарифті (баға, алым ставкасы) бекіту туралы шешім қабылдап, оны субъектінің атына қолдануға енгізуден 15 күн бұрын кешіктірмей жібереді.

13. Жаңа тариф (баға, алым ставкасы) енгізу туралы тұтынушыларға оны енгізу туралы Субъект 10 күн бұрын кешіктірмей хабардар етеді.

14. Тарифтерді енгізу уәкілетті органның шешімімен инвестициялық бағдарламаның іске асырумен 1-қаңтар немесе 1-шілдеден кешіктірілмейді.

## 5. Тарифтерді (бағаларды, салым ставкаларын) есептеу

15. Тарифті (бағаны, салым ставкасын) есептеудің негізі мыналар:

1) тарифтің негізгі сметасы;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілген инвестициялық бағдарлама (жоба);

3) өткізілген қаржылай және техникалық сараптаманың қорытындысы;

4) орта мерзімді (жылдарға бөлінген) кезеңдегі көрсетілетін қызметтің ( тауарлар, жұмыстар) көлемінің болжамы, тариф деңгейі;

5) орта мерзімді кезеңге (жылдар бойынша бөле отырып) заңда белгіленген тәртіппен бекітілген:

нормативтік ысырап;

персонал санының нормативі;

материалдар мен шикізат мөлшерінің шығысы;

6) негізгі қор құнның өсуіне әкелмейтін субъектінің ағымдағы, күрделі және қайта қалпына келтіруге кететін қаржысы туралы мәлімет;

7) осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көрсетілген Субъектінің орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, салым ставкаларын) бекіту және енгізу үшін уәкілетті органға берген өтініші кезінде ұсынатын басқа да материалдары.

Жоғарыда көрсетілген материалдар уәкілетті органға тариф жобасымен қоса, тарифтің негізгі сметасымен бірге, 1-қосымшаға сәйкес беріледі.

Сонымен қатар, тарифтерді (баға, алым ставкалары) бекіту және өзгерту туралы өтініш жасаған кезде субъектінің уәкілетті органға ұсынатын материалы табиғи монополия туралы заңдар бекіткен талаптарға сәйкес болуы керек.

*Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ* бұйрығымен *.*

16. Болжанатын тарифтік смета субъектінің орта мерзімді кезеңдегі тарифтік кірісіне негізделеді және 2-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

Орта мерзімді кезеңге кіретін тарифтік табыс әр жылға бөлек есептеледі, тариф кірістерінің үш жылы бойынша орташа өлшенген тариф (баға, салым ставкалары) есептелінеді.

Тариф кірісі болжанатын өндірістің шығындарының көлемі мен көрсететін қызмет (тауарлар, жұмыстар), кезеңнің шығыны, сондай-ақ рұқсат етілген пайда деңгейі бойынша анықталады.

17. Субъектінің шығысы шығынын жабу үшін уәкілетті органмен бақыланатын және бақыланбайтын болып сараланады.

Бақыланатын шығыстарға басқа табиғи монополия субъектілерінің көрсеткен қызметінің (тауарлар, жұмыстар) шығысын төлеу, уәкілетті органның көрсеткен қызметке (тауарлар, жұмыстар) бекітетін тарифі, белгілі бір тауар рыногында үстемдік (монополия) жасайтын рынок субъектілері, олар үшін көрсеткен қызметінің бағасына мемлекеттік реттеу енгізіледі.

Бақыланатын шығыстардың өзгеруі Қазақстан Республикасының индикативтік әлеуметтік-экономикалық жоспарында қаралған табиғи монополия субъектілері қызметінің (тауарлар, жұмыстар) орта мерзімді кезеңдегі тарифтердің шекті өсуіне қарай болжамдауына қарай жоспарланады.

18. Болжамды тарифтік сметаны есептегенде Ерекше тәртіпке, Бухгалтерлік есептің, Қазақстан Республикасының салық және өзге заңнамасының стандарттарына сәйкес келетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды өндіру) көрсетуге қажетті шығындар орта мерзімді кезеңге арналған Қазақстан Республикасы Әлеуеттік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштерін ескере отырып, ескеріледі.

19. Тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) енгізілген материалдық шығындар орта мерзімді кезеңге арналған құзыретті орган бекіткен өнімнің (қызметтің) бірлігін шығаруға жұмсалған шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның шығыс нормаларына сүйене отырып айқындалады.

Уәкілетті орган Субъектілер үшін шикізаттардың, материалдардың, отындардың, энергияның белгіленген шығыс нормаларына сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға құқылы.

20. Тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен сатып алынған шикізатқа, материалдарға, отынға, энергияға жұмсалған шығындар Қазақстан Республикасы Әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштеріне болжамды өзгерістерді ескере отырып қосылады.

21. Тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеген кезде:

1) нормативтік шығындарға;

2) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қолданылу мерзімі ішінде оларды төмендету серпіні болған жағдайда, көрсетілетін қызметтердің (жыл сайынғы) көлемінің 5% дейінгі мөлшердегі нормативтен тыс ысыраптарға байланысты шығындар қосылады.

Тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін нормативтен тыс ысырап деңгейін уәкілетті орган айқындайды.

22. Негізгі құралдардың құнын өсіруге алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына субъектінің жіберген құралдары құзыретті органның растауы және үш жылдың ішінде осы жұмыс көлемдерін жүргізу қажеттігі туралы техникалық сараптаманың нәтижелері болған жағдайда тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу кезінде ескеріледі.

Құзыретті орган осы жұмыстарды (әрбір объекті бойынша) жүргізу қажеттігі мен олардың көлемдерін айқындайды. Субъект осы жұмыстардың көлемін жиынтық сметалық есеппен, объективтік, локальдық және ресурстық сметалармен растауға тиіс.

23. Тарифтерге тіке желілік (біркелкі) әдісімен есептелген негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары қосылады. Амортизацияны есептеудің өзге де әдістерін қолдану уәкілетті органның келісімі бойынша мүмкін болады. Амортизация негізгі құралдардың құнын өсіруге және инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға алып келетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жұмсалады.

24. Субъект персоналының еңбек ақысын төлеуге шығынды есептеу кезінде заңда белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік саны есепке алынады.

Өндіріс персоналына тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілген еңбек ақы

төлеу шығыны Субъекті персоналының бекітілген нормативтік санына және орта мерзімді кезеңде арналған Қазақстан Республикасының индикативтік әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында көзделген тұтыну бағалары индексінің болжанып отырған өзгерісін ескере отырып қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық ақысына сүйене отырып айқындалады.

Әкімшілік персоналының еңбек ақысының шығынын анықтаған кезде, Субъект басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің және де басқа Субъектінің әкімшілік персонал қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары жөніндегі тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) енгізілетін мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, 15 еседен аспайтын еңбек ақының ең жоғарғы және ең төменгі деңгейінің арасындағы ара салмағына сүйене отырып лимиттеледі.

Бұл арасалмақ барынша ең көп төленетін қызметкерлердің (мысалы, басшы) мен ең аз төленетін қызметкерлердің (мысалы, 1-тарифтік разряды бар жұмысшылар) орташа еңбек ақы мөлшерлерінің қатынасы болып табылады.

Еңбекке ақы төлеу шығыстарын, табиғи монополия саласында қызметтер көрсететін мемлекеттік кәсіпорындар басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, сондай-ақ оларға сыйлықтар беру мен өзге де сыйақылар жүйесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік басқару органдары айқындайды.

25. Әкімшілік мақсаттағы шығындар Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштеріндегі өзгерістерді ескере отырып, Ерекше тәртіпте көзделген шектеулерге сәйкес тарифте (бағада, алым ставкасында) ескеріледі.

26. Инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға арналған кредиттер үшін төленетін сыйақы шығыстары тарифке (бағаға, алым ставкасына) қосылады. Инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыру кезіндегі алынған кредиттер бойынша төленетін сыйақылар (кредиттер, комиссиялық төлемдеріне арналған проценттер) мөлшерінің өзгеруіне тек төмендету жағына қарай жол беріледі.

Шетел валютасымен алынған кредиттер үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштерінің негізінде теңгенің шетел валютасына болжамды өзгеруін ескере отырып, тарифке (бағаға, алым ставкасына) қосылады.

27. Тарифке (бағаға, алым ставкасына) заңда белгіленген тәртіппен міндетті сақтандыру түрлеріне жұмсалған шығындар қосылады.

28. Өкілдік шығыстар, әкімшілік персоналының іссапарлық шығыстары, байланыстың қымбат түрлеріне, мерзімді басылымға, қызмет көлігін ұстауға,

ақпараттық, консультациялық және маркетингілік қызметтерге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының орта мерзімді кезеңге арналған индикативті даму жоспарының тұтыну бағасы индексінің болжамды өзгеруін ескере отырып, қаржылай сараптама өткізудің нәтижелері бойынша шығынның нақты құрамы тарифке (бағаға, алым ставкасына) қосылады.

29. Тарифтерді орта мерзімді кезеңге қалыптастырған кезде Ерекше тәртіп талаптарына сәйкес шығыстар есептелмейді, осы Нұсқаулықтың 21-тармағында көзделген нормадан аса ысырапты шығарып тастағанда.

30. Субъект ұсынылған қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) сұраным дамуының орта мерзімді перспективасын бағалау тарифін (бағаны, алым ставкасын) есептеудің негіздемесінде ұсынады.

31. Субъектінің қызметіне (тауарға, жұмысқа) тариф (баға, алым ставкасын) есептеу уәкілетті орган бекіткен тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) есептеудің қолданыстағы әдістемелеріне сәйкес жүргізіледі.

32. Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) есептеуді Субъекті көрсетілетін қызметтер мен қызметтің реттелетін түрлері бойынша шығындардың көлемдерін бөлек есептеу шарттарына сүйене отырып жүзеге асырады.

33. Пайданың тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеген кезде ескерілетін ұйғарынды деңгейі заңда белгілеген тәртіппен есептеледі.

## 6. Тарифтерді (баға, алым ставкаларын) белгіленген табиғи монополия субъектілерінің қызметіне бақылау жасау

34. Тарифтік сметаның орындалуын, оның ішінде Субъектінің инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іске асыруын бақылауды уәкілетті орган құзыретті органмен бірлесіп жүзеге асырады. Тарифтік сметаның орындалуын, оның ішінде Субъектінің инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іске асыруын бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган тарифтік бақылау кезеңінде қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыны тартады.

Уәкілетті орган тартқан уәкілетті органның мамандары мен тәуелсіз сарапшылардың Субъектінің инвестициялық бағдарламасы (жобасы) бойынша техникалық, бухгалтерлік және өзге құжаттамаларға, коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпестен, кіруге құқығы бар.

35. Орта мерзімді кезеңге арналған тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қолданылу кезеңінде уәкілетті орган:

1) осы Нұсқаулықтың 42-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлардан қоспағанда, негізгі құралдарды қайта есептеуге келіспейді;

2) көзделмеген тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) есептеген кезде займдар мен кредиттерді тартуға келіспейді.

36. Субъект тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қолданылу кезеңі ішінде тариф сметасы шегіндегі қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсету кезінде шығындарды жүзеге асырады.

37. Субъект тарифтік бақылау кезеңінде уәкілетті органға:

1) есеп беретін кезеңнен кейінгі айдың 25-не дейін нақты шығыстар мен табыстардың жарты жылдық есебін, көрсетілетін қызметтің көлемін;

2) есеп беретін кезеңнен кейінгі айдың 25-не дейін инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы жарты жылдық есепті;

3) ағымдағы жылдың 31-наурызына дейін өткен жылға бекітілген тариф сметасының орындалуы туралы жылдық есепті;

4) тоқсан сайын есеп беретін кезеңнен кейін айдың 25-не дейін, алынған займдарға қызмет етуге арналған қаражаттарды шоғырландыру мақсатында ашылған жинақтаушы банк шоттары жөніндегі ақпаратты, жинақталған қаражаттарды қайта қаржыландыру шартын, қарыздар бойынша болған міндеттемелердің нақты төлемдерін ұсынады.

Ақпарат осы Нұсқаулықтың 3-6-қосымшаларына сәйкес қол жеткізілген нақты көрсеткіштерді құжаттамалық растаулармен және олар келісілген нұсқадан ауытқыған жағдайда себептерін түсіндіре отырып, ұсынылады.

38. Тарифтік бақылау кезеңінде Субъект шығындарды бекітілген тариф сметасының шегінде азайту жағына, оның ішінде мыналардың:

1) еңбекке ақы төлеу қорын азайту;

2) шикізат және материалдар шығыс нормаларын, нормативтік және нормативтен артық ысырапты азайту және басқа;

3) әкімшілік және шығыстардың басқа түрлерін азайту есебінен қысқартуға құқылы.

39. Егер субъект бекітілген шығындар тарифін (баға, алым ставкасы) азайтса уәкілетті орган бекітілген тариф (баға, алым ставкасы) деңгейін азайтады. Шығындарды азайтудан алынған қаржыларды Субъект өз еркімен пайдалануға құқылы. Сонымен бірге Субъект:

салалық стандарттардың талаптарына сәйкес көрсететін қызмет көлемінің бөлшегіне қарай болжам тариф сметасын, инвестициялық бағдарламаны (жобаны ) орындауға, күрделі, ағымдағы және басқа жөндеу жұмыстарын, пайдалану шығындарын орындайды;

тарифті есептеген кездегі қаралған тариф кірісін қамтамасыз етеді;

алынған займдарға қызмет етуге арналған қаражаттарды шоғырландыру мақсатында жоспар-кестеге сәйкес инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асырудан бастап резервтік шот құрады.

## 7. Жойқын күштер жағдайы туындаған кезде тарифтің (бағаның, алым ставкасының) өзгеруі

40. Уәкілетті орган тарифте (бағада, алым ставкасында) көзделген табыстарды толық көлемінде алмауға әкеп соқтырған жойқын күштер жағдайы туындаған кезде өз бетінше немесе субъектінің бастамасы бойынша тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейіне өзгерту жүргізеді.

41. Уәкілетті орган тарапынан жойқын күштің болғандығы, субъектінің қаржылай жағдайы оған байланысты емес себептермен едәуір өзгерістерге ұшыраса және инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуына қатер туса есепке алынады.

42. Жойқын күш жағдайына едәуір өзгеріс жатқызылады:

1) валюта курсының нақты және болжамалы деңгейінің тариф (бағалар, алым ставкалары) бекітілген кездегімен айырмашылығы;

2) инфляция деңгейі;

3) белгіленген тарифте (бағада, алым ставкасында) көзделгенге қарағанда көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарының өзгеруіне байланысты нақты және болжам деңгейінің арасындағы шығын.

43. Жойқын күш жағдайының орын алғандығын анықтаған кезде тарифтің (бағаның, алым ставкасының) қалған барлық қолданылу кезеңі ішінде жойқын күштің әрбір жағдайының жалпы әсері ескерілетін болады.

## 8. Осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін жауапкершілік

44. Осы Нұсқаулықты бұзуға жол берген Субъект Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

45. Уәкілетті орган Субъекті ұсынған есептерді талдаудың нәтижелері бойынша және уәкілетті орган Субъектінің қызметіне жүргізілген тексеру жөнінде тарифті (бағаны, алым ставкасын), егер де:

көрсететін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерінің бөлігінде болжамды тарифтік смета орындалмаған жағдайда, инвестициялық бағдарлама (жоба), жөндеу-қалпына келтіру, күрделі, ағымдағы және басқа жөндеу жұмыстарының түрлерін және тариф есептеген кезде қаралған нормативтен артық ысырап деңгейінің динамикасы болмаған кезінде іске асырылған;

тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеген кезде көзделген, тарифтік табыстың толық көлемінде алынбауы;

резервтік шот құрмау және (немесе) оны уәкілетті орган бекіткен резервтік шотты толықтырудың жоспар-кестеге сәйкес толықтырмау жағдайында өзгертеді.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген тәртіппен белгіленген тарифте (бағада, алым ставкасында) көзделген табыстарды толық

көлемінде алмауға әкеп соқтырған жойқын күштер жағдайы туындаған кезде өз бетінше немесе субъектінің бастамасы бойынша тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейіне өзгерту жүргізеді.

46. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) заңсыз көтеру және (немесе) тарифке (бағаға, алым ставкасына) нақты орындалмаған жұмыстардың құнын қосу арқылы тұтынушыларға келтірген шығындарын өтеу үшін уақытша өтемдік тарифін бекіту туралы шешім қабылдайды.

47. Тарифті (бағаны, алым ставкасын) өзгерту және (немесе) уақытша өтемдік тарифті енгізу уәкілетті органның шешімі бойынша, шешім қабылданған айдан кейінгі айдың басынан бастап жүргізіледі.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулыққа 1-қосымша

Субъектінің атауы

200_ жылғы _____ жағдай бойынша, ___________________________________ қызметтер (тауарлар, жұмыстар түрлерінің атауы) тарифтердің базалық сметасы

| NN | Шығыстар баптары * | Өлшем бірлігі | Уәкілетті орган қабылдады |
|---|---|---|---|
| 1 | Тауарлар өндіруге арналған және қызметтер көрсетуге арналған шығыстар (2-9 жолдар сомасы), барлығы, оның ішінде | | |
| 2 | Шикізат және материалдар | | |
| 3 | Көмекші материалдар және т.б. | | |
| 4 | Энергия | | |
| 5 | Еңбек ақыға арналған барлық шығыстар | | |

оның ішінде Әлеуметтік салық

___________________________________________________

6 Негізгі құралдардың тозуы

___________________________________________________

Жөндеу, оның ішінде

___________________________________________________

7 Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу мың теңге

___________________________________________________

Ағымдағы жөндеу

___________________________________________________

8 Басқа шығыстар

___________________________________________________

9 Басқа шығындар

___________________________________________________

10 Кезең шығындары, барлығы (11-14 жолдар сомасы) оның ішінде

___________________________________________________

11 Әкімшілік персоналдарға төлеуге арналған шығыс

___________________________________________________

12 Салық көлемі

___________________________________________________

13 Басқа шығындар

___________________________________________________

14 Процентер төлеуге арналған шығыстар

___________________________________________________

15 Пайда нормасы, оның ішінде %

___________

мың теңге

___________________________________________________

Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу

___________________________________________________

Пайда есебінен жүзеге асырылатын басқа шығындар (ашып жазу)

___________________________________________________

Кезең шығыстарында көзделгеннен басқа салықтар

| | | |
|---|---|---|
| 16 | барлық шығын (1,10 және 15 жолдар сомасы) | мың теңге |
| 17 | Өндірілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі | заттай көрсеткіш. терде |
| 18 | желілердегі техникалық ысыраптың нормалары | % ________ заттай көрсеткіш. терде |
| 19 | өз мұқтаждарына арналған қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) шығыс нормалары | % ________ заттай көрсеткіш. терде |
| 20 | тұтынушыларға қызметтерді (тауарлардың, жұмыстардың) пайдалы босату | теңге/көрсе. тілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) өлшеміне арналған |
| 21 | тариф (16-жол/20 жол) | |

* - шығындар қажет болған жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулыққа 2-қосымша

**Болжамды тарифтік смета**

|өл. | Базалық тарифтік | 1-базалық жыл
Көрсеткіштердің|шем | сметада қабылданды |
атауы |бірл.
| |Реттелетін|Реттелмей. |Реттелетін|Реттелмей.
| |қызметтер |тін қызмет.|қызметтер |тін қызмет.
| |түрлеріне |тер түр. |түрлеріне |тер түр.
| |көрсететін|леріне көр.|көрсететін|леріне көр.
| |қызметтер.|сетілетін |қызметтер.|сетілетін
| |дің көлемі|қызметтер. |дің көлемі|қызметтер.
| | |дің көлемі | |дің көлемі

---

| 1 | 2 |ж |1 | 2 | ж |1 |2 |ж|1 | 2 |
|жар|жар|ы |жар|жар| ы |жар|жар.|ы|жар| жар.|ж
|ты |ты |л |ты |ты | л |ты |ты |л|ты | ты |ы
|жыл|жыл| |жыл|жыл| |жыл|жыл.| |жыл| жыл.|л
|дық|дық| |дық|дық| |дық|дық | |дық| дық |

---

Материалдық шығындар, оның ішінде,

---

Шикізат және материалдар

---

Сатымдық бұйымдар мен жартылай дайын фабрикаттар

---

Көмекші материалдар

---

Еңбек ақыға жұмсалатын шығыс, оның ішінде,

---

Өндірістік

| |
|---|
| персоналдың жалақысы |
| әлеуметтік салық |
| Негізгі құралдардың амортизациясы |
| Негізгі қорлар құнының өсуіне алым келмейтін күрделі жөндеу |
| Ағымдағы жөндеу |
| Басқа шығындар (ашып беру) |
| Шығын жиыны |
| Кезең шығысы |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: |
| оның ішінде |
| Әкімшілік персоналдың жалақысы |

| |
|---|
| Қызмет көрсететін персоналдың жалақысы |
| әлеуметтік салық |
| Басқа шығыстар (ашып беру) |
| салық төлемдері |
| Проценттер төлеу шығыстары |
| Кезең шығыстарының жиыны |
| Қызмет көрсетуге арналған барлық шығындар |
| Тариф құрамын. дағы (РАБ* СП* 1,3) |
| Іске қосылған активтердің (РАБ реттелетін базасы) |
| РАБ-дағы арналған табыс ставкасы |

| |
|---|
| Тарифтік табыс |
| Тұтынушыларға одан әрі беру үшін сатымдық өнімдердің көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |
| заттай көрсеткіштерде |
| Құзыретті орган бекіткен норматив бойынша өз мұқтаждарына пайдаланылатын (тауарлардың, қызметтердің) өндірілген өнімнің көлемі - барлығы |
| млн. теңге |
| заттай көрсеткіштерде |
| Құзыретті орган бекіткен норматив бойынша тауарлар ысырап. тың көлемі |
| млн. теңге |
| заттай |

көрсеткіштерде

___

Тариф

___

таблицаның жалғасы

___

| жобаны өткізудің 2-жылы | | жобаны өткізудің 3-жылы | |
|---|---|---|---|
| Реттелетін қызметтер түрлеріне көрсететін қызметтер. дің көлемі | Реттелмей. тін қызмет. тер түр. леріне көр. сетілетін қызметтер. дің көлемі | Реттелетін қызметтер түрлеріне көрсететін қызметтер. дің көлемі | Реттелмей. тін қызмет. тер түр. леріне көр. сетілетін қызметтер. дің көлемі |

| 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық | жылы | 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық | жылы | 1 жарты жылдық | 2 жар. ты жыл. дық | жылы | 1 жарты жылдық | 2 жар. ты жыл. | жылдық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

___

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулыққа 3-қосымша

| Көрсеткіштердің атауы | Жобаны іске асыру | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қолданылу мерзімі шектеулі тарифтің (бағаның) қолданысының 3-жылы | | | | | |
| | Барлық шығыстар | | | оның ішінде: кезеңдер шығыстары | | |
| | 1 тоқсан | 2 тоқсан | жарты жыл. | 1 тоқсан | 2 тоқсан | жарты жыл. |
| 1 | 7 | | 8 | 9 | | 10 |
| Материалдық шығындар - барлығы (201, 202, 203, 204, 205, 206, 207 жолдар сомасы) | | | | | | |
| Шикізат және материалдар - барлығы, оның ішінде | | | | | | |
| айырбастау бағамы бойынша сатып алынғандар | | | | | | |
| Сатымдық бұйымдар мен жартылай дайын фабрикаттар, көмекші материалдар - барлығы, олардан | | | | | | |
| айырбастау бағамы бойынша сатып алынғандар | | | | | | |
| Отын - барлығы, одан | | | | | | |
| айырбастау бағамы бойынша сатып алынғандар | | | | | | |
| Электр энергиясы - барлығы, | | | | | | |

одан

оның ішінде айырбастау бағамы бойынша сатып алынғандар

Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы

Негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстауға бағытталған құралдар, оның ішінде

ағымдағы жөндеу

НҚ құнын өсіруге әкелмейтін күрделі жөндеу

Өзге де материалдық шығындар *)

Негізгі құралдардың тозуы **)

Материалдық емес активтердің амортизациясы **)

Жылдар бойынша күрделі қаржыға жұмсалған шығындарды қаржыландыру - барлығы, олардан:

құрылысқа - барлығы, олардан:

шаруашылық тәсілмен салынған меншік құрылысы

машиналар мен жабдықтар;

табыстау құрылғылар

---

көліктік құрылғылар

---

материалдық емес активтерді сатып алуға - барлығы, олардан

---

ЭЕМ бағдарламасын қамтамасыз етуді жасауға және сатып алуға

---

басқа шығыстар - барлығы (231, 232, 233, 238, 239 жолдар сомасы), олардан:

---

Қызметтік іссапарлар кезіндегі тәуліктік

---

Жалдау ақысы

---

салық төлемдері мен алымдары - барлығы, олардан:

---

әлеуметтік салық

---

Тараптық ұйымдардың қызметтеріне ақы * )

---

Басқа шығындар * ) - барлығы, олардан:

---

проценттер бойынша шығыстар

---

Жалақы қоры (нақты нысандағы төлемдерді қоса) - барлығы, одан

| |
|---|
| нақты нысандағы төлемдер |
| өндірістік персонал |
| көмекші персонал |
| әкімшілік персонал - барлығы, олардан |
| бас офис |
| Жинақтаушы қорларға аударымдар |
| Кәсіпорындар қаражатта. рының есебінен қызметкер. лерге берілетін әлеуметтік жәрдемақы |
| ШЫҒЫСТАРДЫҢ ЖИЫНЫ (200, 210, 220, 230, 245, 250, 260 жолдар сомасы) |
| Тарифтің құрамындағы пайда |
| Тарифтік табыс |
| Салық салынғаннан кейінгі жиынтық кіріс (залал) |
| Дивидендтер төлемі |
| Бөлінетін пайда, оның ішінде |
| Күрделі қаржыны қайтару |

| |
|---|
| Ағымдағы бағалардағы (ҚҚС-сыз) өндірілген өнімнің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |
| нақты көрсеткіштерде |
| Одан әрі тұтынушыларға беруге арналған сатымдық өнімнің көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |
| нақты көрсеткіштерде |
| Құзыретті орган бекіткен норматив бойынша өз мұқтаждарына пайдаланылатын өндірілген өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |
| нақты көрсеткіштерде |
| Жалпы көлемнен %-тегі нақты ысырап |
| Құзыретті орган бекіткен тауарлардың ысырап көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |
| нақты көрсеткіштерде |

_______________________________________________________________

Жалпы көлемнен %-тегі нақты ысырап

_______________________________________________________________

* ) Шығындардың ажыратып жазылуы міндетті түрде қоса берілді

** ) амортизациялық аударымдардың есебі міндетті түрде қоса беріледі

таблицаның жалғасы

________________________________________________

Жобаны іске асыру

________________________________________________

Іске асырудың 3-жылының нақты көрсеткіші

________________________________________________

Барлық шығыстар |оның ішінде: кезеңдер | шығыстары

________________________________________________

1 | 2 |жарты| 1 | 2 |жарты тоқсан|тоқсан |жыл. |тоқсан|тоқсан| жыл.

________________________________________________

11 12 12 14

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

___________________________________________

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулыққа 4-қосымша

_______________________________________________________________

| Жобаны іске асырудың болжамы

|___________________________________________

Көрсеткіштердің | Барлық шығыстар |Оның ішінде кезең атауы | | шығыстары

|___________________________________________

| | 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық | Жыл | 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстауға бағытталған құралдар, оның ішінде | | | | | |
| ағымдағы жөндеу | | | | | |
| НҚ құнын өсіруге әкелмейтін күрделі жөндеу | | | | | |
| Қаржыға жұмсалған шығындарды қаржыландыру - барлығы, олардан: | | | | | |
| құрылысқа - барлығы, олардан: | | | | | |
| шаруашылық тәсілмен салынған меншік құрылысы | | | | | |
| машиналар мен жабдықтар; табыстау құрылғылар | | | | | |
| көліктік құрылғылар | | | | | |
| материалдық емес активтерді сатып алуға - барлығы, олардан | | | | | |
| ЭЕМ бағдарламасын қамтамасыз етуді жасауға және сатып алуға | | | | | |
| Тараптық ұйымдардың | | | | | |

қызметтеріне ақы

Есептік кезең аяғында қорлардың нақты құны

Есептік кезең аяғында материалдық емес активтердің құны

Негізгі құралдардың тозуы, оның ішінде

инвестициялық бағдарлама іске асырылғанға дейін енгізілген негізгі құралдар

инвестициялық бағдарламаны іске асыру кезеңде енгізілген негізгі құралдар

Материалдық емес активтердің амортизациясы, оның ішінде

инвестбағдарламаны іске асырғанға дейін енгізілген

инвестбағдарламаны іске асыру кезеңінде енгізілген

таблицаның жалғасы

________________________________________

Жобаны іске асырудың болжамы

________________________________________

Барлық шығыстар |Оның ішінде кезең

| шығыстары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық | Жыл | 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулыққа 5-қосымша

| Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірл. | Болжам | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық | Жыл | 1 жарты жылдық | 2 жарты жылдық | Жыл |
| Материалдық шығындар, оның ішінде, | | | | | | | |
| Шикізат және материалдар | | | | | | | |
| Сатымдық бұйымдар мен жартылай дайын фабрикаттар | | | | | | | |
| Көмекші материалдар | | | | | | | |

| |
|---|
| Еңбекке ақы төлеу шығыстары, оның ішінде, |
| Өндірістік персоналдың жалақысы |
| әлеуметтік салық |
| Негізгі құралдардың амортизациясы |
| Негізгі қорлардың құнын арттыруға алым келмейтін күрделі жөндеу |
| Ағымдағы жөндеу |
| Басқа шығындар (ажыратып жазу керек) |
| Шығындардың жиыны |
| Кезең шығыстары |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: |
| оның ішінде |
| Әкімшілік персоналдың жалақысы |
| Қызмет көрсетуші персоналдың жалақысы |
| әлеуметтік салық |
| Басқа шығындар (ажыратып жазу керек) |

| |
|---|
| салық төлемдері |
| Процеттер төлеу шығыстары |
| Кезең шығыстарының жиыны |
| Қызмет көрсетуге жұмсалған барлық шығындар |
| Тарифтің құрамындағы пайда (АРБ * ПҚ * 1,3) |
| Іске қосылған активтердің реттелетін базасы (АРБ) |
| АРБ-на пайда ставкасы |
| Тарифтік табыс |
| Одан әрі тұтынушыларға беру үшін сатымдық өнімнің көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |
| нақты көрсеткіштерде |
| Құзыретті орган бекіткен норматив бойынша өзінің мұқтажына пайдаланылатын өндірілген өнімнің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі - барлығы |
| млн. теңгемен |

нақты көрсеткіштерде

Құзыретті орган бекіткен норматив бойынша тауарлар ысырабының көлемі - барлығы

млн. теңгемен

нақты көрсеткіштерде

Тариф

таблицаның жалғасы

Нақты

| 1 жартыжылдық | 2 жартыжылдық | Жыл | 1 жартыжылдық | 2 жартыжылдық | жыл |
|---|---|---|---|---|---|

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларға, жұмыстарға) орта мерзімді кезеңге арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі Нұсқаулыққа 6-қосымша

| N | Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірл. | 1 тоқсан | 2 тоқсан | 3 тоқсан | 4 тоқсан | ... |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Төлем бойынша міндеттер — мың $ *

млн. теңге *

| | |
|---|---|
| кредиттер үшін пайыздар | мың $<br>млн. теңге |
| комиссиондық төлем, сыйақылар және т.б. | мың $<br>млн. теңге |
| займның негізгі сомасы | мың $<br>млн. теңге |
| Резервтік қорға жіберілді | мың $<br>млн. теңге |
| Есептік кезең аяғында резервтік қорда қаражаттар. дың нақты болуы | мың $<br>млн. теңге |
| Жинақталған қаражатқа сыйақы есептеу сомалары | мың $<br>млн. теңге |

* Егер займдар ұлттық валютада болған жағдайда, онда тек теңгемен төлемдер бойынша ақпарат жіберіледі. Егер, займдар шетел валютасымен алынған жағдайда, онда ақпарат екі өлшемде: шетел валютасымен, алынған займдар бойынша міндеттерін төлемнің нақты бағамы бойынша ұлттық валютада беріледі.

** АҚШ долларына теңгенің бағамын көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК